



ӨОЖ 930.1(574)

ГТАХР 03.20

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2024.94(2).49

<sup>1</sup>Бекбаева Т.А. \*, <sup>2</sup>Адилова Ф.А., <sup>3</sup>Утеулиева Б.М.

<sup>1,2,3</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы,  
Қазақстан

\*Корреспондент-авторы: t.a.bekbaeva@mail.ru

E-mail: t.a.bekbaeva@mail.ru, fari77@mail.ru, uteuliyeva81@inbox.ru

### 1867-1868 ЖЖ. «УАҚЫТША ЕРЕЖЕНІҢ» ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӨЗГЕРУІНЕ ЫҚПАЛЫ

**Аңдатпа.** Мақалада, 1867-1868 жж. реформалардың Қазақстандағы орыс саясатының генезисін, эволюциясын, орны мен рөлін және оның дәстүрлі қазақ қоғамының өзгеруіне ықпалы қарастырылған. Сонымен қатар, мақалада XIX ғ. отырықшылыққа бет бұрған қазақ көшпелілерінің территориялық бөлінісінің қалыптасуына негіз болған реформалардың қоғамдық-саяси үдерісі сараланған. Патша әкімшілігінің қазақ жерлерін басқарудың ерекше мемлекеттік-саяси жүйесін құру мақсатында қабылдаған әкімшілік реформалардың нәтижесінде қазақ даласында орыс шенеунігі басқарған мемлекеттік мекемелер салынды. Мақалада, 1867-1868 жж. «Уақытша Ереженің» қабылдануымен қазақ даласына енгізілген жаңа басқару жүйе Ресей империясының қазақ жерін отарлау саясатын күшейте түскендігі қарастырылған. Аталған реформалар Ресейдің боданы болған Қазақстанға көптеген өзгерістер әкелді және Ресей империясы қазақ жерінің табиғи ресурстарын иеленуді көздеді. Мақалада осы тарихи кезеңде еліміздің әкімшілік басқаруында орын алған өзгерістермен қатар, қазақ жеріне қоныс аударған орыс шаруаларының жергілікті қазақ халқының әкімшілік-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына тигізген кері әсері сараланған. Соған сәйкес, авторлар мақалада, 1867-1868 жж. «Уақытша Ереженің» енгізілуі қазақ тарихында қоныстандыру кезеңінің басталуына себеп болғандығын қазіргі көзқарас тұрғысынан қорытуды көздейді.

**Кілт сөздер:** империя; ереже; округ; болыс; старшын; генерал-губернатор; рулық қоғам; сұлтан.

#### *Kipicne*

Ресей империясымен 1867-1868 жж. енгізілген «Уақытша Ереже» Қазақстанды әкімшілік басқару жағынан түбегейлі Ресейге тәуелді еткендігі отандық тарихнамада әлі де өзінің объективті бағасын алмаған тақырыптардың бірі. 1867-1868 жж. «Уақытша Ереженің» енгізілуін зерттеуде қазақ қоғамында орын алған әкімшілік-басқару үрдісі анағұрлым күрделі екендігін байқатты. Қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныстандырылған орыс шаруалары қазақ халқын шұрайлы жерлерінен айырып, оларды жаппай отырықшылыққа көшіру жергілікті халықтың



әлеуметтік жағдайын күрт төмендетіп, кедейленуіне себеп болды. Міне, осы Ресей империясынан орыс шаруаларының қазақ жерлеріне қоныстандырылуын заңды тұрғыдан бекіткен де осы 1867-1868 жж. «Уақытша Ереже» болатын. Біздің пікірімізше, бұл тақырып арнайы зерттеу объекті ретінде жан-жақты талдауға алынуға әбден лайық.

Қазақстан республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін төл тарихын шынайы, объективті тұрғыдан қайта жазу мүмкіндігіне ие болды. 1991 жылға дейін, Қазақстанның Ресейге қосылу үрдісінде Патшалық Ресейдің қазақ даласында жүргізген отарлау саясаты кеңестік идеология негізінде үстірт зерттелгені тарих беттерінен белгілі. Бүгінгі таңда ХІХ ғасырда Ресей империясы тарапынан қабылданған реформалардың қазақ халқының саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына тигізген кері әсері әлі де өзінің тиісті бағасын алған жоқ. Нысанаға алынып отырған тақырып тарих, әдебиет, мәдениет және жаратылыстану саласы бойынша әлі де күрделі зерттеуді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда 1867-1868 жж. «Уақытша Ереженің» қазақ қоғамындағы әкімшілік басқару жүйесіне отарлау мақсатында енгізілгендігі ғылыми тұрғыдан зерттеу өзекті болып табылады. Себебі, ХІХ ғасырда қабылданған реформалар тәуелсіз Қазақстанның келешектегі жағрапиялық шекарасының белгіленуіне, қазақ тілінің, мәдениеттің, салт-дәстүрдің өзгеріске ұшырауына ықпал етті. Қазақ даласына 1867-1868 жж. енгізілген әкімшілік реформаларды жаңа көзқарас тұрғысынан пайымдау қазақ жерлерінің Ресей империясының қоластына түбегейлі өтуінің себептерін еш бұрмалаусыз, шынайы тұрғыдан ашуға мүмкіндік береді.

Қазақстанның Ресейге қосылу үрдісін зерттеген ғалымдар Е.Б. Бекмаханов [1] пен С.З. Зимановтың [2] еңбектерінде 1867-1868 жж. «Уақытша Ереже» қоғамның түрлі қайшылықтарын шеше алмағандығы және осы реформа арқылы қазақ даласын отарлау мақсатында Ресей империясы тарапынан әкімшілік билік нығайтылғандығы жазылған. Аталған авторлардың еңбектерінде, қазақ даласы «Уақытша Ереженің» енгізілуінен кейін үш генерал-губернаторлыққа бөлінген үш әкімшілік басқару жүйеде қайта құрылғандығы ғылыми тұрғыда қарастырылған.

Ресей империясының Қазақстанда жүргізген отарлау саясатының барысына шетелдік ғалымдар Дж. Фэйрбэнк [3], П. Клайд және Б. Бирс, С. Тэнг және т.б. [4], Э. Рэйшер [5] өз еңбектерінде әлемнің басқа елдерінде жүргізілген отарлау саясатымен салыстырмалы түрде сараптама жасаған. Аталған авторлар Ресейдің Орталық Азия жерлеріне жасаған жорықтарын ғылыми тұрғыдан талдай отырып, соның ішінде Ресейдің қазақ жерлерін отарлау саясатын ғылыми тұрғыдан қарастырған.

Ресей империясы, 1867-1868 жылдардағы реформаны қабылдас бұрын, қазақ өлкесінде үнемі ғылыми-зерттеу жұмыстарын үздіксіз жүргізді. Алғашында Батыс Сібірдің Бас Басқарма Кеңесінің төрағасы «Уақытша Ережені» енгізуде қазақтардың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын негізге алды. Қазақ даласында жергілікті халықтың және сауданың өсуі 1822 жылы енгізілген М.М. Сперанскийдің «Сібір қырғыздарын басқару» туралы Ереженің ескіргендігін байқатты. Әсіресе, 1860-шы жылдары қазақ даласында біршама дамыған



өнеркәсіп саласы Қазақстанның Ресей экономикасына тартылуына себеп болды. Қырық жыл ішінде жедел даму үстінде болған қазақ даласына жаңа әкімшілік басқару ісін енгізуде жергілікті халықтан салық алу мәселесімен қатар, Ресей империясына қазақ даласының табиғи ресурстарын игеру қажет болды.

Мақаланың мақсаты – 1867-1868 жж. «Уақытша ереженің» қазақ қоғамындағы әкімшілік басқару жүйесінің өзгеруіне ықпал еткенін шынайы, қазіргі көзқарас тұрғысынан қарастыру болып табылады. Сонымен қатар, Ресей империясының қазақ даласында жүргізген отарлау саясатының терең енуін жеделдеткен әкімшілік реформалардың саяси-қоғамдық маңыздылығын жаңа көзқарас тұрғыдан саралау.

#### *Зерттеу материалдары мен әдістер*

Мақалада берілген деректер мен әдебиеттердегі материалдарды салыстырмалы түрде талдау, қорыту, оларға сараптама жасау сияқты тәсілдер қолданылды. Отандық тәжірибеде тарихи оқиғаларға байланысты тарихи процесті танып-білуде зерттеушілер құжаттық дерек көздеріне және тақырыпқа қатысты басқа да фактілік мәліметтерге сүйенеді. Мақалада Ресей Федерациясы мен Қазақстан республикасы мемлекеттік мұрағаттары қорларының материалдары пайдаланылды. Мұрағат құжаттары материалдары негізінде қарастырылған тарихи оқиғаларды саралауда салыстыру әдісі қолданылды. Авторлар мақалада өткен ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ тарихында орын алған әкімшілік-саяси мәселелерге тоқтала отырып, қазақ даласына қоныстандырылған орыс шаруаларына берілген жеңілдіктер жергілікті халықты орыстандыру саясатымен ұласқандығымен байланыстырады. Мақалада берілген мәліметтердің басым көпшілігі мұрағат құжаттарымен дәйектелген. Сонымен қатар Ресей империясының қазақ даласында жүргізген отарлау саясаты әлемдік деңгейдегі отарлаушы империялардың саясаты туралы жазылған зерттеулермен салыстырмалы түрде, сыни тұрғыдан қарастырылды.

#### *Зерттеу нәтижелері*

Қазақстанның Ресейге қосылу үрдісіндегі орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыру саясаты Ресейдің басқару жүйесіндегі қиыншылықтарды шеше алмады. 1867-1868 жж. «Уақытша Ереженің» енгізілуінен кейін, патша әкімшілігі қазақ жеріне жаппай орыс шаруаларын қоныстандырды. Ресейдің қазақ даласында жүргізген отарлау саясатына байланысты қабылданған әкімшілік-басқару реформалары И. Уоллерштейннің [6] еңбегінде бір жүйеге келтірілген. Шетелдік ғалым И. Уоллерштейн, өз еңбегінде әлемдік жүйені әлем империялары және әлем-экономикасы деген екі негізде қарастырады. Автордың мұндай жүйелі тәсілі жалпы әлем тарихнамасында жаңа көзқарас болды. Автордың еңбегінде, отарлаушы империялар өзге мемлекетті саяси-экономикалық тұрғыдан отарлау арқылы, өзге мемлекетте өз билігін құруды көздейтіні туралы тұжырымдар жасалған [6, б. 17]. Бұдан көретініміз, Ресей империясы қазақ даласында өз билігін орнату арқылы отарлау саясатымен қатар экономикалық саясатын жүзеге асыруды көздеген. Нәтижесінде қазақ жерлері мен қазақ даласының табиғи ресурстары Ресей империясының қолына өтті.

ХІХ ғасырдың басында Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынас Қазақстанды Ресей бодандығына апарған көпір іспеттес болды. 1868-1869



жылдары қазақ даласында қайта құрылған уездерде саяси-әкімшілік, қоғамдық және салық қатынасы анықталды. Ресей империясы тарапынан 1867-1870 жылдар аралығында 3 жылдық мерзімде малға салық салу туралы ведомость толтырылып, салық мөлшері рубльмен анықталды [7, п. 2]. Алғашында уездер қазақ даласында округ болып ашылса, кейіннен жергілікті жерлерде дивандықтар деп те аталған, ал осы «Уақытша Ереженің» енгізілуінен кейін бірыңғай уезд деп аталды.

1868 жылы қабылданған «Уақытша Ережелер» негізінде қазақ даласы Ресей империясының ортақ заңымен қарастырылған бір орталықтан бағындырылған басқарма жүйесіне енгізілгендігі туралы нақты деректер С.М. Мәшімбаевтың еңбегінде келтірілген [8]. Автор өз еңбегінде, Ресей империясының отарлау саясаты қазақ қоғамындағы басқарма жүйені биліктен біржолата ығыстырып, қазақ сұлтандарының билігіне шектеу қоя отырып, қазақ жерлерін орыс шенеунігі басқарған билікке тәуелді еткендігі туралы бірқатар тұжырымдар айтады. 1867-1868 жылғы реформалардың енгізілуі негізінде қазақ халқын отарлау саясаты мен қоса, жергілікті халықты орыстандыру мақсаты да көзделді.

П.П. Румянцев өз еңбегінде, Сырдария және Жетісу облыстарымен қоса Түркістан Генерал-губернаторлығы 1865-1866 жылдардағы Гирс комиссиясының зерттеу жұмыстары негізінде құрылғандығын айтады. Бұл комиссияның қазақтарды басқару жобасы 1867-1868 жылдардан бастап іске асырылған [9].

«Уақытша ереже» негізінде жаңа әкімшілік басқару жүйесін енгізуде қазақ даласының жер көлемін белгілеуге айқындама жасалып, өзгерістер енгізіледі. Бұл ережені қабылдас бұрын, Патша әкімшілігі 1865 жылдың 24 маусымында: «Барлық округтық Приказдарда ерекше комитеттер ашылсын» – деп, бұйырады [10, п. 8-9]. Бұл құрылатын комитеттерге 1867-1868 жылдардағы уақытша ереженің заң жобасын құруда қазақтардың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын негізге ала отырып құжаттар жинау керек болды. Онда 1857 жылғы құрылыс ережесінің 12 томындағы 310 және 311 баптарына сәйкес, Сібір және Орынбор бекіністерінен 130 шақырым жақын арақашықтықта мемлекеттік, жекеменшік, қоғамдық құрылыстың салынуына рұқсат берілмеді [11, п. 4].

Генерал-губернатор И.И. Крафттың еңбегінде 1867-1868 жылдардағы реформаларға сәйкес қазақ жері үш генерал-губернаторлыққа бөлінгендігі атап көрсетілген. Олар: Ақмола мен Семей облыстары, орталығы Омбы қаласы болған Батыс Сібір генерал-губернаторлығы; Орал мен Торғай облыстары, орталығы Орынбор қаласы болған Орынбор генерал-губернаторлығы; Сырдария мен Жетісу облыстарын, орталығы Тәшкент қаласы болған Түркістан генерал-губернаторлығы [12, б. 418]. Мұндағы саяси-әкімшілік құрылым ешқандай өзгеріссіз 1880 жылға дейін сақталды.

1867-1868 жж. реформаларға дейін ашылған округтардың экономикалық талаптарына сай жерлері шамамен белгіленіп, осы реформаға дейін округ қазақтары құнарлы-шұрайлы жерлерінде көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, өмір сүрді. «Уақытша Ережелерге» дейін орыс шаруалары қазақ жерлеріне қоныстандырылмағаны тарих беттерінен белгілі. Орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыру арқылы, оларға түрлі жеңілдіктер беріліп, олардың қазақ жерлерінде иемденген жерлерінде қоныстанып қалуын қамтамасыз ету мақсатында, осыған дейінгі ашылған сыртқы және ішкі округтардың шекаралық



шектерін белгілеуді қайта қарау қажеттігі туындады. Ендігі жерде орыс шаруаларын қоныстандыру барысында бірнеше округтардың жерлерінің межесі қайта анықталып, жаңа әкімшілік орталықтар құру жоспарланды [13, п. 17-18]. Нәтижесінде, «Уақытша Ережелерге» дейін белгіленген қазақ даласындағы ішкі және сыртқы округтардың территориялық бөліністеріне өзгешеліктер енгізілді. Кейбір жағдайларда, қазақ даласында ашылған орыс ауылдары маңына казак әскерлері орналастырылып, орыс шаруалары қоныстандырылған аудандар патша үкіметінің отарлау саясатын жүзеге асыруда басты тірек пункттеріне айналды.

1868-1869 жылдары комиссия мүшелері уездердегі үй саны мен адамдар санағын есепке алады. Осы тексеріс жұмыстары барысында көптеген уездердің территориялық аумағы дала комиссиясы жобалағаннан үлкен екенін байқатты. Далалық аудандардағы қазақтардың көші-қон жерлерінде дәстүрлі рулық қарым-қатынас негізінде бөлінбесе, ол жерлерде жайылымдық жерлерге байланысты даулар туындап отырғандығы белгілі. Бұл туралы Қазақстанда генерал-губернатор болған орыс шенеуніктері өз естеліктерінде жазған (Кауфман, Колпаковский). Сонымен қатар, олар өз есептерінде: қазақ жеріндегі орыс әміршілерінің өз биліктері мен шешімдерінің қатаң орындалуын талап етпегендігінен олардың арасындағы барымта, дау, ұрыс-тартыс тоқтамайды – деген тұжырымдар жасаған. Олар әр ведомствалық шекараларда өз беттерімен жүре береді. Оны шешу үшін, генерал-лейтенант Колпаковский уездердің әкімшілік басқарма қызметкерлерін емес, ауыл үлкендері мен ақсақалдарын шақырып, съезд өткізуді ұсынған [14, п. 5].

1868 жылы 21 қазандағы уақытша ереже бойынша Орынбор, Семей, Сібір қазақтары облыстары және Орал мен Сібір казактары құрамы 4 облысты құрады: Семей, Ақмола, Орал және Торғай. Ондағы Орал мен Торғай облыстары басқармасы Орынбор генерал-губернаторлығына Сібір мекемелері негізінде қаратылды. Шекаралық шек белгілеуде, облыстар сияқты уездер қазақ қоғамының жерді пайдаланудағы ерекшеліктері ескеріле отырып бекітілді. Облыс құрамындағы тұрғындар мен казак әскерлері жергілікті полицияға және сотқа бағындырылып, станицалық казак басқармасы бұрынғы негізде қалдырылды. Қазақ жадасында патшаға қызмет еткен казак әскерлері орыс шенеунігі басқарған барлық жергілікті әкімшіліктің қорғаушысы қызметін атқарды. Оларды сайлау немесе белгілі қызметке тағайындау да жергілікті әкімшіліктің еш қатысы болмады. Әскер губернаторларында ерекше кеңсе болмады, олар облыс генерал-губернаторының көмекшісі ретінде қызмет атқарды [15, п. 3].

Облыс басқармасы 3 әкімшілік басқарудан тұрды: бір орталықтан басқару, шаруашылық, сот бөлімдері. Оларды кеңесшілер басқарды. Облыс басқармасының қолына облыстағы барлық билік шоғырландырылды. Губерниялық басқару ісі, Мемлекеттік Палата, Азаматтық және қылмыстық сот, мемлекеттік дүние-мүліктің губерниялық басқармасы 1867-1868 жж. ереже негізінде басқарылды. Облыстық басқармаға азаматтық ведомствадағы дала құрылымының бөлімі де бағынды. Облыс басқармасының мүшелігіне облыс дәрігері, облыс архитекторы, тау-кен өндірісі мен орман шенеуніктері кірді [15, п. 4]. Болыстар болыстықтардың полициялық билігі мен басқару жүйесін басқарды және болыстықтың тыныштығы мен тәртібін қадағалауда болыстар мен ауыл



старшындарының жауапкершілігі жоғары болды. Олар уез шенеунігі тарапынан тапсырылған қадағалау жұмыстарын бұлжытпай орындады. Бөл өз кезегінде Ресей империясының отарлау саясатын жүргізуде басты рөл болатын [15, п. 6]. Осы басқару жүйе қазақ жеріне орыс заңының түбегейлі енуін және қазақ халқы тарапынан Патша үкіметіне наразылықтарын жергілікті жерлерде шешілуін қамтамасыз етті, бірақ, өкінішке орай қазақтар тарапынан туындаған наразылықтар халықтың мүддесіне шешілмеді.

«Уақытша Ережеден» кейін қазақ болыстықтардағы барымта жасағандар мен орыс заңын орындамаған қазақтарға 3 рубльға дейін айыппұл салынды. Олардың ісі жергілікті уез шенеуніктерімен қарастырылды және қажетіне сай Ресей империясының сотына берілді. Бұған дейін қазақ даласында абақтылардың болмағанын ескерсек, қазақ даласында адам өлтіргендер, пошталық жолдар мен станицаларға қарақшылық әрекет жасағандар және орыс шаруаларының, жалпы орыс халқының дініне қарсы іс-әрекеттер жасаған қазақ халқының істеріне жаза Ресей империясының заңына сәйкес қабылданып, тағайындалды. «Уақытша Ереженің» енгізілуіне дейін қазақ қоғамындағы жергілікті даулар мен рулық қауымдастықтар пайдаланған жайылымдық жерлерге байланысты істер сұлтандар мен билердің қатысуымен шешілсе, ендігі жерде олар уездерде арнайы орнықтырылған, генерал-губернатормен сайланған судьялар қарастырды. Биліктен қуылған билер қазақ қоғамында өз статустарын жоғалтты. Сот ісі түбегейлі өзгеріске түскеннен кейін, қазақ даласында алғаш уақытша қылмыскерді ұстайтын абақтылар ашылды. «Уақытша Ереженің» қабылдануы негізінде Ресей империясы қазақ даласына түбегейлі орнығып, қазақ қоғамындағы дәстүрлі басқару жүйе ортақ орыс заңымен алмастырылып, жергілікті уез, болыстық, ауылдық жерлер орыс шенеуніктерінің бір орталықтан басқаруына ыңғайлы болды [15, п. 9].

Казак әскерлері мен бас бостандықтарын алған орыс шаруаларына казак жерлері тікелей қазақтарды жайылымдыққа қолайлы, шұрайлы жерлерінен ығыстыру арқылы берілді және осындай жерлердің қазақтардан көптеп алынуынан қазақтардың пайдаланатын жайылымдық жерлер көлемі кішірейді [16, п. 37]. Мұны осы кездегі қазақ қоғамында «жатақтардың» көптеп болуынан да көруге болады.

Қазақ жерінде казак әскерлеріне берілген жерлер қазақтарға қоғамдық пайдалануға беруге тиым салынды, осыған байланысты қазақтардың мал шаруашылығымен айналысуына жағдай жасалған жоқ. Ресей империясы өз тарапынан бірінші кезекте осы орыс шенеуніктері мен казак әскерлері орналасқан жерлерді өздерінің қатаң қадағалауында ұстады. Ресей империясының атынан қазақ даласын түбегейлі отарлау саясатын жергілікті жерлердегі орыс шенеуніктері мен казак әскерлері жүзеге асырды [17, п. 90]. Қазақ даласында казак әскерлеріне берілген қазақ жерлерінің маңына қазақтарға мал жаюға тиым салынды. Әскерді басқару ісі яғни, Жетісу, Орал, Сібір облыстарындағы әскери, уездік, станицалық атамандар тікелей патша әкімшілігіне бағындырылды.

Осы мәселені қарастырған А.С. Елагин өз еңбегінде, Жетісу облысына қоныстандырылғын немесе патша әкімшілігімен қазақ даласына жұмыс барысымен көшірілген казак әскерлерінің көлемі жағынан үлкен жерлерге



иеленгені туралы жазған [18, б. 45]. Автор, «Уақытша Ереженің» енгізілуінен кейін, қазақ даласына орыс шаруаларын қоныстандыру кезінде келіспеушіліктер туындағанның өзінде, жергілікті орыс әкімшілігі казак әскерлерінің қажетіне сай жерлерді беру ісін тоқтатпағандығын және ол жерлерді сандық көрсеткіштермен нақты көрсеткен. Сонымен қатар автор, 1895 жылы Жетісу өлкесіне орыс шаруаларының өз бетінше қоныстануына тиым салынғанымен, казак әскерлері мен қазақтар арасында орын алған жерге қатысты шиеленістерді жергілікті әкімшілік шеше алмады – деген, тұжырым жасайды. Ресейдің ішкі губернияларында жалға жер алуды бас бостандығын алған орыс шаруалары еңсере алмады, шарасыз күйде болған олар Қазақстанның қай жеріне болмасын қоныс аударуларын тоқтатпады.

«Уақытша Ережеден» кейін қазақ жерлерінде жайылымдық жерлерге талас күшейе түсті. Жерге қазақ халқы өзінің мал шаруашылығына қатысты таласқа түссе, орыс шаруалары жерсіз болғандықтан шарасыздықтан күресті [19, п. 89]. Жерге мұндай таласушылықтар нәтижесінде, үлкен рулар бірнеше ұсақ бөліктерге ыдырыап, қазақтың дәстүрлі қоғамының сақталуын бұзды. Әлеуметтік таптардың бірнеше түрі пайда болып, қазақ байлары өздерінің иелігіндегі жерлерге үстемдігін сақтау үшін жергілікті әкімшіліктермен байланысқа түсті. Бұрынғы жалпы рулардың қолданысында болған жайылымдық жерлер, енді ықпалды байлардың иелігіне өте бастағанымен, түбінде қазақ жері «мемлекет меншігі» болып қала берді [19, п. 90]. Сол себепті қазақ даласын басқару ісі Ресейді басқару ісіне қарағанда басқаша жүргізілді. Онда Патша үкіметі тарапынан қазақтарды орыс ұлтынан төмен көру, қазақтардың күнделікті өмір-салтымен санаспау сияқты озбырлықтар орын алды. «Уақытша Ереже» енгізілгеннен кейін қазақ ақсүйектері түбегейлі орыс ұлтынан сайланған шенеуніктердің басқаруында болды. Олар да, қарапайым халық сияқты орыс заңына бағынды. Жерінен айырылған қазақтар өздерінің ата кәсібі көшпелі мал шаруашылығымен айналыса алмады, олар енді қазақ даласында ашылып жатқан тау-кен орындарында жалға жұмыс істей бастады. Себебі, XIX ғ. екінші жартысында қазақ даласындағы жерасты қазба байлықтарын игеру шетел капиталистеріне берілген болатын. Аталған кезде Ресей империясында жерасты қазба байлықтарын игеру шетел капиталистеріндегі сияқты дамымаған еді. Қазақ жерін талан-таражға салған Ресей империясының басты мақсаты, яғни қазақ жерлерін отарлау саясаты осы «Уақытша Ереженің» енгізілуінен кейін толыққанды жүзеге асты. Кейбір казак станицасы маңында орналасқан қазақтар күнкөрістің қиындығынан казак әскерлерінің малын қарап, қара жұмыстарын да атқарды.

XIX ғ. 60-шы жылдарынан кейін қазақ ауылдарына капиталистік қатынастар еніп, Қазақстан бүкіл Ресейлік және дүние жүзілік саудаға тартылды. Г.Чулановтың зерттеуінде қазақтар ауыл шаруашылық өнімдерімен Ресейдің орталықтанған өнеркәсіп аудандарын жүн, тері, мақта, ет, мал және тағы басқа да шикізаттармен қамтамасыз етіп, орнына орыс өнеркәсібі тауарларын алғандығы қарастырылған [20, б. 3-4]. Патшалық Ресей қазақ даласын отарлау нәтижесінде өзіне шикізат қорының көзін тапты. Ресейдің өндіріс саудасы бір жағынан осы жаңадан қосылған өлке байлығы есебінен ілгері дами бастады.



Н.Г. Аполлова өз еңбегінде қазақ даласында орыс билігін орнықтыруда казактар мен орыс шаруаларының ауылдарын құру ең пайдалы жол болғандығы туралы мәліметтер келтірген. Сонымен қатар автор, орыс қоныстанушыларының жергілікті халықтың экономикасын, өнеркәсібін және саудасын ілгерілеткенімен, олардың жерінің тарылуына әкелгендігін айтады [21, б. 67].

XIX ғ. Қазақстан Ресей империясының шикізат өндіретін шет аймағын құрағандығы М.С. Мукановтың еңбегінде де жазылған [22, б. 5]. Бұл бір жағынан, Ресей империясындағы аграрлық дағдарыстың себебінен болса, екінші жағынан, бас бостандығын алған орыс шаруаларының Ресейде кең етек алған шаруалар көтерілістерін басу мақсатында, оларға қазақ даласынан жер беру жұмыстарын жүзеге асыру арқылы шешілді. Бастапқыда қоныстанушылар Қазақстанның солтүстік аудандарына орналастырылса, кейіннен қазақ жерінің оңтүстік аудандарына көптеп қоныстандырылды. Қазақ жеріне көшіп келген орыс шаруаларының әрбір ер басына қазақ даласынан 30 десятинадан жер берілді. Сондай-ақ қоныстанушылар 15 жыл мерзімге барлық салықтар мен алымдардан босатылып, мұқтаж жандарға пайызсыз несие берілді. Бұл жеңілдіктер 1883 жылға дейін күшінде болды.

#### *Қорытынды*

1731 жылы бодандық актісіне қол қойған қазақ қоғамындағы әртүрлі саяси күштердің мүдделерін ескере отырып, патша үкіметі формальды бодандықты нағыз бағыныштылық ретінде жүзеге асыруды күтті. Осыған байланысты орыс үкіметі мен қазақ қоғамының мүдделері айтарлықтай алшақтап, бұл патша өкіметінің қазақ халқына қатысты мәжбүрлеу, зорлық-зомбылық жасау тәжірибесіне айналды. 1867-1868 жж. «Уақытша Ереженің» қабылдануы қазақ жерін әкімшілік-саяси, бір орталықтан басқару және әлеуметтік-экономикалық тұрғыда отарлау мақсатында жүзеге асырылды. Реформалардың негізінде күйреген және кедейленген орыс шаруаларын орталық Ресейден қазақ даласына қоныстандыру кезінде олардың құқықтары заңмен қорғалды. Қоныс аудару бөлімінің қызметкерлеріне қоныстандыру учаскелерін құру кезінде барынша жылдамдықпен әрекет ету жөнінде тапсырма берілді. Бұл қазақ жерін бөлу кезінде шенеуніктердің бұрын-соңды болмаған озбырлығын тудырды. Осы уақытқа дейін қазақ қоғамында орын алған сұлтан, би, молдалар өздерінің статусынан айырылды. Қазақ ақсүйектері қарапайым халықпен теңестірілді. Қазақ даласын басқару ісінде генерал-губернаторлар, әскер басшылары бірыңғай орыс ұлтынан болды және олардың мақсаты қазақ жерін Ресей империясы құрамына енгізіп, біртұтас ету болды. Орыс шаруаларын қазақ даласына көптеп қоныстандырудың себебі де осында.

Ғылыми тұрғыдан шынайы бұл фактілер қазақ даласында бейбіт жолмен жүргізілуі тиіс еді. Өкінішке орай олай болмады. Патша әкімшілігі, қазақ жеріне енгізген әкімшілік басқару ісін қазақ халқын билеуге ұмтылыстың көрінісі есебінде қабылдады. Нәтижесінде, қазақ халқы түбегейлі кедейленіп, қоныстанушылардың салдарынан дәстүрлі шаруашылығынан айырылды. Қазақ жерлерін отарлау мақсатында Ресей империясы саяси-әкімшілік басқару ісіне қатысты түрлі реформалар ғана емес, салық, шикізат, жер мәселесі жалпы орыс заңымен қарастырылып, бекітілді.





## ӘДЕБИЕТ

- [1] Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. М.: АН СССР, 1957. – 339 с.
- [2] Зиманов С.З. Общественный строй казахов XIX в. первой половине XX века. - А.: АНКазССР, 1958. - 286 с.
- [3] Fairbank J.K., Reischauer E.O., Craig A.M. East Asia: The modern transformation. - Boston: Houghton Mifflin, 1965. – 280 с.
- [4] Clyde P.H., Beers B.F., Teng S. The Far East: A history of the Western impact and the Eastern response (1830-1970). - Englewood Cliffs (N.Y.), 1971; Ramzan G., Fairbank J.K., Ssuyu Teng. China's response to the West: A documentary survey, 1839-1923. Cambridge: Harvard univ. press, 1954; The modernization of China / Ed. by Ramzan G. N.Y.: Free press, 1981. – p. 39.
- [5] Reischauer E.O., Craig A.M., Fairbank J.K., East Asia: The modern transformation. L.: Allen a. - Unwin, 1973.
- [6] Wallerstein I. The Modern World-System, I: Capitalist Agriculture and the Origins of the European World-Economy in the Sixteenth Century. - New York & London: Academic Press, 1974. – 210 p.
- [7] Омский Областной Архив Российской Федерации (далее ООА РФ). – Ф. 3. – Оп. 6. – Д. 8501. – Л. 2.
- [8] Мәшімбаев С.М. Патшалық Ресейдің Қазақстандағы мемлекеттік басқару мекемелерінің тарихы. - Алматы: Қазақ университеті, 2000. - 323 б.
- [9] Румянцев П.П. Материалы по обследованию туземного и старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреческой области. том 1. Лепсинский уезд. вып. 1. Киргизское хозяйство. – С.-Петербург, 1911. - С. 45.
- [10] Центральный Государственный Архив Республики Казахстан (далее ЦГА РК) .– Ф. 15. – Оп. 1. – Д. 2047. – Л. 8-9.
- [11] ЦГА РК .– Ф. 15. – Оп. 1. – Д. 80. – Л. 4.
- [12] Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. – Оренбург, 1898. – 481 с.
- [13] ЦГА РК. .– Ф. 15. – Оп. 1. – Д. 2294. – Л. 17-18.
- [14] ООА РФ. – Ф. 3. – Оп. 9. – Д. 15614. – Л. 5.
- [15] ЦГА РК . – Ф. 15. – Оп. 1. – Д. 246. – Л. 3.
- [16] ЦГА РК . – Ф. 64. – Оп. 1. – Д. 463. – Л. 37.
- [17] КРОММ. – Ф. 39. – Оп. 2. – Д. 181. – Л. 90.
- [18] Елагин А.С. Казачество и казачий войска в Казахстане.- Алматы, 1993. - С. 45-50.
- [19] ЦГА РК . – Ф. 64. – Оп. 1. – Д. 3044. – Л. 89.
- [20] Чуланов Г. Промышленность дореволюционного Казахстана. - А.:Акад.Наук, 1960. - С. 3-4.
- [21] Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII-нач. XIX в. - М.: АНССР, 1960. – 429 с.
- [22] Мұқанов М. Этническая территория казахов в XVIII-нач. XX веков. - А.: Қазақстан, 1991 - 62 с.



## REFERENCES

- [1] Bekmakhanov, E.B. (1957). Prisoedinenie Kazakhstana k Rossii [Accession of Kazakhstan to Russia]. M.: AH SSSR. p. 339 [in Russian].
- [2] Zimanov, C.Z. (1958). Obshestvennyi stroi kazahov XIX v. V pervoi polovine XX veka [Social system of Kazakhs in the 19th century. first half of the twentieth century.]. A.: ANQazSSR p. 286 [in Russian].
- [3] Fairbank, J.K., Reischauer, E.O., Craig, A.M. (1965). East Asia: The modern transformation. - Boston: Houghton Mifflin. - p. 280 [in English].
- [4] Clyde, P.H., Beers, B.F., Teng, S. (1971). The Far East: A history of the Western impact and the Eastern response (1830-1970). Englewood Cliffs (N.Y.) [in English]; Ramzan G., Fairbank J.K., Ssuyu Teng (1954). China's response to the West: A documentary survey, 1839-1923. Cambridge: Harvard univ. press [in English]; The modernization of China (1981). / Ed. by Ramzan G. N.Y.: Free press.- p. 39. [in English].
- [5] Reischauer, E.O., Craig, A.M., Fairbank, J.K. (1973). East Asia: The modern transformation. L.: Allen a. Unwin [in English].
- [6] Wallerstein, I. (1974). The Modern World-System, I: Capitalist Agriculture and the Origins of the European World-Economy in the Sixteenth Century. New York & London: Academic Press, – 210 p. [in English].
- [7] ORA RF [Omsk Regional Archive of the Russian Federation]. — F. 3. — Vol. 6. — C. 8501. P. 1 [in Russian].
- [8] Masimbayev, S.M. (2000). Patshalyq Reseiding Qazaqstandagy memlekettik basqaru mekemelerining tarihy [History of state administration institutions of Tsarist Russia in Kazakhstan]. Almaty: Qazaq Universiteti. p. 323 [in Kazakh].
- [9] Rумыancev, P.P. (1911). Materialy po obsledovaniu tuzemnogo i starojil'skogo hozyaistva i zemlepolzovaniya v Semirecheskoi oblasti [Materials on the survey of native and old-timers' economy and land use in the Semirecheskaya region]. Vol. 1. Lepsinskii uezd.vyp. 1. Kirgizskoe hozyaistvo. - S-Peterburg p. 45 [in Russian].
- [10] CSA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 15. — Vol. 1. — C. 2047. — P. 8-9 [in Russian].
- [11] CSA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 15. — Vol. 1. — C. 80. — P. 4 [in Russian].
- [12] Kraft I.I. (1898). Sbornik uzakoneniia o kirgizah stepnykh oblastei [Collection of laws on the Kirghiz of the steppe regions]. - Orenburg. – 481 p. [in Russian].
- [13] CSA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 15. — Vol. 1. — C. 2294. — P. 17-18 [in Russian].
- [14] ORA RF [Omsk Regional Archive of the Russian Federation]. — F. 3. — Vol. 9. — C. 15614. — P. 5 [in Russian].
- [15] CSA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 15. — Vol. 1. — C. 246. — P. 3-9 [in Russian].
- [16] CSA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 64. — Vol. 1. — C. 463. — P. 37 [in Russian].
- [17] CSA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 39. — Vol. 2. — C. 181. — P. 90 [in Russian].



[18] Elagin A.S. (1993). Kazachestvo i kazachii voiska v Kazakhstane [Cossacks and Cossack troops in Kazakhstan]. - Almaty. – p. 45. [in Russian].

[19] CSA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 64. — Vol. 1. — С. 3044. — P. 89-90 [in Russian].

[20] Chulanov, G. (1960). Promyshlennost dorevolucionnogo Kazakhstana [Industry of pre-revolutionary Kazakhstan]. - Almaty: Akad. Nauk, - pp. 3-4 [in Russian].

[21] Apollova, N.G. (1960). Economicheskoe i Politicheskie svyazi Kazakhstana s Rossiyei v XVIII-nach. XIX v. [Economic and political relations of Kazakhstan with Russia in the 18th and early 18th centuries. XIX century]. - M.: Nauka. - p. 429. ANSSR [in Russian].

[22] Muqanov, M. (1991). Etnicheskaya territoriya kazahov v XVIII-nach. XX vekov [Ethnic territory of the Kazakhs in the XVIII-early XX centuries]. - Almaty: Qazaqstan, - p. 62 [in Russian].

**Бекбаева Т.А., Адилова Ф.А., Утеулиева Б.М.**  
**АДМИНИСТРАТИВНОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ «ВРЕМЕННОГО**  
**ПОЛОЖЕНИЯ» 1867-1868 ГГ. НАД УПРАВЛЕНИЕМ КАЗАХСКИМ**  
**ОБЩЕСТВОМ**

**Аннотация.** В статье рассмотрены генезис, эволюция, место и роль российской политики в Казахстане и ее влияние на изменение традиционного казахского общества, в том числе процессы организации системы государственного управления после введения 1867-1868 гг. «Временного Положения». После введение временного положения в XIX веке дифференцирован процесс формирования территориального деления казахских кочевников и развития оседлого образа жизни. В целях создания особой государственно-политической системы управления казахскими землями царской администрации был принят ряд административных реформ, на основе которых проанализирована цель царского правительства по строительству государственных учреждений в казахской степи.

В статье рассмотрено с принятием «Временного положения» 1867-1868 гг. в казахской степи была введена новая система управления, а политика колонизации казахских земель Российской империей усилилась. Эти реформы принесли много изменений в Казахстан, который был вассалом России. Разумеется, реформы административного управления реализованные Российской империи, были ориентированы на политическую власть в казахском обществе и владение природными ресурсами казахской земли.

Большая часть источников, приведенной в статье, подтверждается архивными документами. На основании «Временного положения» 1867 года планировалась реорганизовать административные ведомства на Казахском крае. Соответственно, авторы в статье рассматривая введение «Временного Положения» в 1867-1868 гг. делают вывод с современной точки зрения, что она послужила причиной начала переселения крестьян в казахской истории.

**Ключевые слова:** империя; правление; округ; волость; атаман; генерал-губернатор; родоплеменное общество; султан.



**Бекбаева Т.А., Адилова Ф.А., Утеулиева В.М.**

**ADMINISTRATIVE IMPACT OF THE “TEMPORARY REGULATIONS”  
OF 1867-1868 OVER THE MANAGEMENT OF KAZAKH SOCIETY**

**Annotation.** The article examines the genesis, evolution, place and role of Russian politics in Kazakhstan and its impact on changes in traditional Kazakh society, including the processes of organizing the public administration system after the introduction of 1867-1868. "Temporary Regulations". After the introduction of a temporary situation in the 19th century, the process of formation of the territorial division of Kazakh nomads and the development of a sedentary lifestyle was differentiated. In order to create a special state-political system for managing the Kazakh lands, the tsarist administration adopted a number of administrative reforms, on the basis of which the goal of the tsarist government to build state institutions in the Kazakh steppe was analyzed.

The article examines the adoption of the “Temporary Regulations” of 1867-1868. A new management system was introduced in the Kazakh steppe, and the policy of colonization of the Kazakh lands by the Russian Empire intensified. These reforms brought many changes to Kazakhstan, which was a vassal state of Russia. Of course, the administrative reforms implemented by the Russian Empire were focused on political power in Kazakh society and ownership of the natural resources of the Kazakh land.

Most of the sources given in the article are confirmed by archival documents. Based on the “Temporary Regulations” of 1867, it was planned to reorganize administrative departments in the Kazakh region. Accordingly, the authors in the article consider the introduction of the “Temporary Regulations” in 1867-1868. conclude from a modern point of view that it was the reason for the beginning of the resettlement of peasants in Kazakh history.

**Keywords:** empire; board; district; bolis; ataman; governor-general; tribal society; sultan.